

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№1 хаттама б қараша 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

#### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,  
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаяупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

#### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

#### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

#### Құрастырып, түсінкітерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

#### Жаяупты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Тілепов

А 13      **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VII том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаяупты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)**

Жетінші томда Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы туралы тәуелсіздік жылдары жарық көрген таңдамалы еңбектер топтастырылған. Оларда Абайдың шығармашылық тұлғасы мен әдеби мұрасының, даналауқ ойлары мен суреткерлік өнерінің тарихи мөні мен бүтінгі күн үшін маңызы көрсетілген. Кітап абайтанушыларға, магистранттар мен докторанттарға, Абай әлемін терең тануға талаптанған көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1681-9 (VII том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы  
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

## Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

### АУДАРМАДАҒЫ АБАЙ ДӘСТҮРІ

Қазақ әдеби аудармасының бастау көзін Үбырай Алтынсарин ашты. Оның 1879 жылы шыққан «Қырғыз хрестоматиясында» орыс әдебиетінен аударылған бірнеше шығармаларға, атап айтқанда, Л.Н. Толстойдың, И.А. Крыловтың, К.Д. Ушинскийдің, И.М. Паульсонның ағартушылық бағыттағы туындыларына орын берілді. Педагог Үбырай орыс жазушыларының шығармаларының ішінен тек тәрбиелік маңызы барларынғана аударған. Неге олай істеді? Сол кездегі казақ қоғамының алға дамып, өсіп-өркендеуі үшін білім-ғылымның аса қажет екендігін түсінген қазақ зияялдары ағартушылық жолға бастады. Халқының мүшкіл халін бар жан-тәнімен сезінген Үбырай елдің көзін ашу мақсатымен алғаш рет қазақ даласында мектеп ашып, білімнің дәнін шашты «адамдықтың диқаншысы» болды. Алғашқы қазақ тіліндегі оқулыққа орыс жазушыларының білім алуға адамгершілікке үндейтін, яғни «педагогтік», тәрбиелік сыпаттағы шығармаларының іріктеліп алынуының өзі де осы себептерден туған занылдылық еді.

Ы. Алтынсариннің орыс әдебиетінен жасаған аудармаларының көпшілігі тым еркін. Кей аудармаларының еркіндігі соншалық – оның қай бір шығармаларының қайсысы төл туынды, қайсысы тәржіма екендігін айырудың өзі қызынға түседі. Демек, Ы. Алтынсарин орыс әдебиетінен шығармалар аударды десек, онда оның барынша еркін жасалғандығын баса айтамыз. Ал шындығына келгенде, Үбырай аудармаларының тақырыбын орыс жазушыларынан алды демесек, іс жүзінде түпнұсқаға сәйкес келмейтін, тәржімаға қойылатын талаптарға жауап берे бермейтін, мұлдем жаңадан, қайта жазылған көркем шығарманы көреміз.

Академик К. Жұмалиев «Ол әңгімелерді аударғанда Алтынсарин барлық жерде түпнұсқасын бұлжытпай, сол күйі аударуды

принцип етіп қоймаған. Кейде тақырыбын, кейде сюжетін, кейде баяндау әдісін өзгертіп, қайткен күнде де қазақ өміріне жақындастып, қазақ балаларына түсінікті баяндауды негізгі нысанасы еткен» (Қ.Жұмалиев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2 том, А., 1960, 53-бет), – деп көрсетеді. Үбырай аудармаларының осындай басты ерекшелігін қазақ аудармасының тарихын зерттеуші С. Талжанов та атап өткен болатын: «Ол кезеңде қазақ азаматы Алтынсарин орысшадан аударғанда, қазақ оқырмандарына бейімдеді, жеке сөзін қуаламай, ойын беруге тырысты, өз халқының ұғымына сай етіп аударды». (С. Талжанов. «Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері» А., 1975, 194-бет). Бұл жайында Ә. Сатыбалдиев: «Ол түпнұсқаның шенберінде қысылып қалмайды, оның идеясын, сюжетін алады да, өз оқушыларының жағдайына қарай, тартымды да көркем әнгіме құрады. Мұның бәрінде, ен алдымен, оның ағартушылық мүддесі бой көрсетіп отырады. Және ол өзінің шәкірттері мен оқушыларының жағдайын ешуақытта естен шығармайды, жазғандарының қалай да соларға түсінікті болу жағын көздейді (Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына, А., 1987, 17-бет), – деп жазады.

Осы жерде тағы бір ескеретін жәйт: Ы. Алтынсариннің заманында балалар әдебиеті болмады. Рас, аузы әдебиетінің балаларға арналған жаңылтпаши, мақал-мәтел, жұмбақ, өтірік өлең, ертегі сияқты түрлөрі ғасырлар бойы қазақ балаларының сана-сезімінің қалыптасып, тәрбиелі болып өсуіне қызмет етіп келді. Енді жазба әдебиетінің дамуына, білім беретін мектептердің ашыла бастауына байланысты жана үлгідегі жазба түрдегі балалар әдебиетін жасау міндеті алға қойылды. Осы мәселені шешуге алғаш кіріскең Ы. Алтынсарин осы салада біршама жетістіктері бар орыс әдебиетіне көз салды. Үбырай орыс әдебиетінен алғанда да балаларға арналған оку құралдарынан, жинақтардан керегін тапты. Атап айтқанда, Ы. Алтынсарин К.Д. Ушинскийдің «Детский мир и хрестоматия», «Родной язык», Л. Толстойдың «Первая русская книга для чтения», «Вторая книга для чтения»,

«Четвертая книга для чтения», «Новая азбука», И.И. Паульсон-ның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке» оқу кітаптарына педагог ретінде көбірек назар салған. Ә.Дербісалиннің анықтауынша, Ыбырай аудармаларының жалпы саны – 35. Олардың ішінде И.И. Паульсоннан – 20, Толстойдан – 6, К.Д. Ушинскийден – 3, қалғандары И. Крыловтан, Шмиттен, В. Дальдан 3-4 шығармадан аударған.

Біз жоғарыда айтып кеткеніміздей, Ы. Алтынсариннің қай шығарма өзінікі, қайсысы аударма екенін ажыратудың өзі қыынға соғады. Академик Қ. Жұмалиев Ыбырайдың «Бай баласы мен жарлы баласы» (Асан мен Үсен) мен Салтыков-Щедриннің «Бір шаруа екі генералды қалай асырады?» арасындағы идеялық, сюжеттік құрылышы жағынан ұқсастықтарға назар аударады. (Қ. Жұмалиев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2 том, – А., 1960, 55-бет). «Бай баласы мен жарлы баласы» аударма ма, жоқ әлде Ыбырайдың өз шығармасы ма? Ойланарлық-ақ мәселе. Төл туынды дейін десек, Салтыков-Щедриннің әңгімесіне негізінен тақырыбы, оқиғасы, идеясы жағынан ұқсап түр. Ал аударма дейін десек, оған қойылатын талаптарға мүлдем келмейді: шығарманың тілдік, стильдік жағынан түпнұсқаға сәйкес келу керектігін айтпағанның өзінде кісі аттарынан бастап, оқиға желісіне дейін өзгеше. Қазақәңгімесін зерттеушілер бұл әңгімені Ы.Алтынсариннің төл туындысы деп қарастырып жүр. Олай болса «Абайдың Евгений Онегині» неге аударма делінеді? Қазақ тіліндегі Абайдың «Евгений Онегині» орыс тіліндегі түпнұсқадан оқиға желісі, сюжеті, композициялық құрылымы жағынан мүлдем басқаша. Демек бұл жерде де ойланарлық мәселе бар екен.

Ы. Алтынсарин көркем шығарманы дәл аударуды мақсат етпейді. Ыбырай орыс тіліндегі туындыға ол қазақ оқырманына, онда да жастарға, мектеп оқушыларына тәрбиелік, дуниетанымдық жағынан қажет пе, түсінікті ме деген сауалдар тұрғысынан келіп, оның ағартушылық, педагогтік жақтарына үлкен мән беріп отырған. Ол түпнұсқаның шенберінде қысылып қалып қоймай,

қажетті жерінде одан шығып, еркін кетеді. Шығарманың оқушыға тәрбиелік, дұниетанымдық жағынан пайдалы болу керектігін басты мақсат етіп алға қойған Ұбырай кей жағдайда түпнұсқаның жалпы нобайын сақтап отырса, көп реттерде оның тек идеясын ғана алып, сюжетін де, оқиғасын да, кісі аттарын да өзгертіп жібереді; кей жерлерде түпнұсқаның бір ғана оқиғасын, немесе деталін ғана алып, содан бас-аяғы бөтен туынды жазып шығады. Ұбырайдың мұндай шығармаларын аударма деуден гөрі белгілі бір жазушының сарынымен жазылған өз туындысы деп қарастырған жөн.

Каламгердің орыс әдебиетінен алғандарының дені – прозалық шығармалар. Эрі прозашы, әрі акын І. Алтынсарин орыс поэзиясынан И.А. Крыловтың бірнеше мысалын аударған. Олардың кейбіреулерінің кімдікі екендігі даулы. «Егіннің бастары»... Даусызы – «Қарға мен тұлқі». ІІ. Алтынсариннің шығармашылығын зерттеушілердің барлығы дерлік бұл мысалдың Ұбырайдікі екендігіне күмән келтірмейді. «Қарға мен тұлқі» қазақ әдебиетіндегі әдеби аударманың алғашқы адымы болуымен бірге «мысал жанрының да алғашқы жыл құсы» болды (Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. – А., 1987, 26-бет). Енді осындағы екі жақты маңызы бар туындының түпнұсқамен арақатынасына, яғни, қаншалықты сәйкес келетіндігіне, аударма талаптарының қаншалықты орындалғанына назар аударайық.

Ең алдымен «Ворона и лисица», «Қарға мен тұлқі» болып дәл аударылған. Мысалы орысшасында 26 жол болса, қазақшасында 28 жол. И.А. Крылов мысалы (И.А. Крылов. Басни. – Москва: Просвещение», 1985, 13-бет):

Уж сколько раз твердили миру,  
Что лесть гнусна, вредна; но только все не впрок,  
И в сердце льстец всегда отыщет уголок, –

деген негізгі идеяны аңғартар кіріспемен басталса, қазақшасында бұл жолдар түсіп қалған. Ұбырай мысалдың өн бойында айтылатын мақтаншақтықтан сақ болындар деген ойды айтып

жатуды артық көрген. Жалпы көркем әдебиетке қойылар негізгі талаптың бірі онда айтылар ой, идея жалаң берілмеуі керек; табиғи түрде көркем бейнеленіп, оқушысын ойландырып барайп, көзін жеткізуі керек. Осы тұрғыдан келгенде, аударманың кіріспесіз бірден басталуы ұтып тұр.

И.А. Крылов мысалы:

Вороне где-то бог послал кусочек сыру;  
На ель, Ворона взгромоздясь,  
Позавтракать было совсем уж собралась,  
Да позадумалась, а сыр во рту держала.  
На ту беду, Лиса близехонько бежала;  
Вдруг сырный дух Лису остановил:  
Лисица видит сыр –  
Лисицу сыр пленил,  
Плутовка к дереву на пропочках подходит:  
Вергит хвостом, с Вороны глаз не сводит  
И говорит так сладко, чуть дыша... –

деген жолдармен бастаса, ІІ.Алтынсарин осы жолдарды:

Ашығып тұлқі журді жапандарда,  
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...  
Ешнәрсені көре алмай келе жатса,  
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.  
Жұғіріп тұлқі соган жетіп келді,  
Қарға ағаптың басында мұны көрді.  
Тістерені аузында тәтті ірімшік,  
Оны көріп, тұлқі-екен сөйлей берді, –

турінде береді (ІІ. Алтынсарин. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. – А., 2003, 39-бет).

Тұпнұсқа мен аударманы салыстыра қарағанда, ең алдымен, орысшасында қарға мен тұлқі атауларының кісі есімі сияқты бас әріптермен жазылуы көзге түседі. Крыловта бірден құдай бере салған ірімшікті таңғы ас ретінде жеуге қам жасап, шырша басында маңғазданып отырған қарғаны оның сорына жуық маңда жортып бара жатқан тұлқінің оны байқап қалып, аузындағы

ірімшігіне қызығып, арам ойын жүзеге асыру мақсатымен, аяғының ұшымен жақын келіп, қарғаны мақтай бастағанын көрсек, Үбірайда сөл басқашалау. Крылов қарғадан бастаса, қазақшасында тамақ іздеп, жортып келе жаткан тұлкіні көреміз. Тұпнұсқада ірімшік іздеген қарғаның көрінісі бір шумақта суреттелсе, қазақшасында «тістегені аузында тәтті ірімшік» деген бір ғана жолмен берілген. Демек, Үбірайды қарғаның аузындағы ірімшік емес, «қай жерден тамақ кездеседі» деп, жортып жүрген тұлкінің бейнесі қызықтырады: оқырман назарын тұлкіге қарай бұрады. Қазақ ұғымында тұлкі – құлықтың символы. Крыловтың діттегені мақтаншақтықтың опа әпермейтінін ұғындыру болса, Үбірай оны сөл бұрып, құлықтың құрығына түсіп қалмаңдар дегенді мензеп тұр.

И.А. Крылов шығармасында оқиға желісі мұнан ары тұлкінің қарғаны төмендегіше мақтауына ұласады:

Голубушка, как хороша!  
Ну что за шейка, что за глазки!  
Рассказывать, так, право, сказки!  
Какие перышки! Какой носок!  
И, верно, ангельский быть должен голосок!  
Спой, светик, не стыдись!  
Что ежели, сестрица,  
При красоте такой и петь ты мастерица,  
Ведь ты б у нас была царь-птица!

Ал Үбірайдың тұлкісі қарғага:

Қарға батыр, эр сөзің күміс, алтын,  
Сырттан тілеу тілейді барша халық.  
Қарға-екендей дүниеде әуез жоқ деп,  
Осылайша шығады сыртқа данқын.  
Сандуғаш, бұлбұлдарды көріп едім,  
Жұзінді бір көруге келіп едім.  
Даусынды бір шығарыш шаттанайын,  
Сырттан асық болғанин өліп едім,  
Қарға тақсыр, көзім жасын көріңіз, –

деп, жылмыңдал, жыламсырайды. Мұнда да айырмашылықтар байқалып тұр. Тұпнұсқадағы тұлкі қарғаны «қарғашым» деп, оның мойнының, көзінің, қанатының, мұрнының «әдемілігінің» аузының сұы күрып айтып, «құс патшасы, сенің даусың періштенің даусындаш шығар, көрейікші бір шырқап жіберші» деп, елпек қағады. Иванның қарғасы ертегідегідей «сұлу», «нәзік» болса, Ыбырайдың қарғасының сыртқы сұлтулығы көрінбейді: керісінше «батыр». Қазақшасында тұлқінің қарғаны мақтауы «қарға батыр, эр сөзің күміс, алтын» деген жолмен ғана шектеліп, бар күш «қарға екендей дүниеде әуез жок деп» оның даусын мадақтауға жұмсалады; оның даусын естүте асық болғаны соншалық – көзіне жас алады.

И.А.Крылов мысалы:

Вепуньина с похвал вскружилась голова,  
От радости в зобу дыханье сперло,  
И на приветливы Лисицыны слова  
Ворона каркнула во все воронье горло:  
Сыр выпал – с ним была плутовка такова, –

деген жолдармен аяқталады. Ыбырай:

Масаттанып бұл қарға сілкінеді,  
Ішін тартып, миықтан бір күледі.  
Арып-ашып алыстан келген шыгар,  
Көңіл тынып кетсінші шіркін» деді.  
Мақтау сөзге семіріп, судай тасып,  
Пәрменінше «қарқ» етті аузын ашып.  
Қарқ еткенде ірімшік жерге түсіп,  
Оны кетті тұлкі-екең ала қашып, –

деп, аяқтайды. Бұл жерде де азын-аулақ айырмашылықтар көрініп тұр. Крыловта бір шумақ болса, Ыбырайда екі шумақ. Мақтаудан Крыловтың қарғасының басы айналып, тынысы тарылса, Ыбырайдың қарғасы масаттанып, сілкініп, ішін тартып, миықтан күледі; тұлкі мен үшін алыстан арып-ашып келіпті, көңіл бір тынышып кетсінші деп, өзіне-өзі риза болған бір сезіммен ойланады. Екеуінде де қарға «қарқ» еткенде, ірімшікті тұлкі

қағып алады; тек Үбірайдың тұлкісі ірімшік ауызға түсісімен зыта жөнеледі.

Жоғарыдағы талдауымыздан көрініп тұрғандай, ҮІ. Алтынсариннің «Қарға мен тулкі» мысалы аударманың балама түріне жатады. Азын-аулақ өзгертулері болғанымен де түпнұсқаның негізі сақталған. Ал аз ғана өзгертулердің өзі түпнұсқаны сол күйінде аударуға шаманың келмегенінен емес, түрлі әлеуметтік тұрмыстық жағдайлардан туындаған объективтік-субъективтік себептерге байланысты туындаған деп үққан жөн. Бұл жерде аударма авторы ағартушы ретінде тәржімәға көркемдік принциппен емес, ұстаздық мақсатты ұстанып, тәрбиелік оқу құралы тұрғысынан келген. Сондықтан да Үбірайдың аудармасы жалпы жұртшылықтың, оның ішінде мектеп оқушыларының ұғымына түсінікті қарапайым тілмен жазылған. Ең бастысы «Қарға мен тулкінің» ауызды ашып босқа жүрме, өтірік мақтауға майданып қалма, ертеңінді ойла, өйтпесендер алданып қалған қарғаның аянышты күйін кешесіндер деген-сынды ойлары балалардың түсінігіне орай жеткізілген. ҮІ.Алтынсарин өмірде тұлкі сияқты қулар да, қарға сияқты анқаулар да бар. Қарға сияқты сенгіш қарапайым адамдар тұлкі сияқты қулардың өтірік мақтауларына сеніп қалып, қаншама қыын жағдайларға ұшырап жүр дегенді аңғартып, оқырманың қулық-сұмдықтардың құрбаны болу қаупінен сақтандырады. И.А. Крыловтың «Қарға мен тулкісін» Абай да аударған. Абайда бұл мысалдың екі түрлі нұсқасы бар. Оның бірі «Жұрт біледі, құледі» де, екіншісі – «боқтықта талтаңдап». М. Әуезов осының екіншісі Абайдікі екендігіне күмән келтіріп, Үбірайдікі деген пікір айтқан (М. Әуезов. Абай Құнанбаев. Алматы 1967,199-бет). Кейіннен ҮІ. Алтынсарин аударған «Ашығып тұлкі жүрді жапандарда» деп басталатын мысал анықталды да, зерттеушілер Мұрсейіттің қолжазбасында бар екі нұсқаны да Абайдікі деп жүр. Абай «Қарға мен тулкінің» екі бірдей әдеби аудармасын жасаған. Мысалдың екі түрінің де мазмұны, айтар ойы – бір. Айырмасы бірі дәл аударылса, екіншісі еркін. Түпнұсқадағы 26 жолдық мәтін дәл аудармада 47, екіншісінде – 55. Орысшасында буын саны әр түрлі: көбіне

12-13 те, қазақшасында 6,7,8,10 буынды болып келеді. Еркін аударылған нұсқа 7-8 буынды жыр үлгісімен жазылған. Орысшамен салыстырғанда қазақшасының жол қатары көбірек көрінгенмен де жалпы көлемі шамалас.

Крылов мысалдарында ойдан түп қазығы басында:

Уж сколько раз твердили миру,  
Что лесть гнусна, вредна; но только все не впрок,  
И в сердце льстец всегда отыщет уголок, –

деп берілген. Осы жолдарды Абай:

Жұрт біледі, күледі,  
Сүркія тілдің жаманың,  
Қошеметшілердің амалың  
Сонда солар қайды жоқ?  
Елтеп айтса, ересің,  
Артынан өкінсөн де пайда жоқ, –

турінде аударған. Айтылмақ ой негізінен қазақша сөйлеп тұр. Аудармадағы аздаған айырмашылықтардың бірі – түпнұсқадағы «күледі», «өкіну» туралы айтылмайды. Қошеметтің жексүріндылығы, зияндығы айдай әлемге аян бола тұра қошеметшілердің жүрекке жол тауып, кете алатындығы жайлы айтылса, тәржімада осы ой сәлғана өзгерістермен айтылған. Үш жол алты жол болып аударылғанмен де сөздерінің саны шамалас – екеуінде де жиырма шақтыдан. Ал мысалдың мазмұны асқан шеберлікпен дәл аударылған. «Вороне где-то бог послал кусечек сыру» деген жолды Абай:

Ірімшікті құдайым  
Кез қылды бір құн қарғага, –

деп, бір сөзін шашау шығармай сөзбе-сөз берген. Мысалда ірімшікті болған карға ертенғі асын жеуге қамданады десе, аудармада қарғаның қарны аштығы айтылады.

Бір жеп алып, шүкірлік  
Кылайын деп Аллаға, –

деген діншіл қауымға ұғынықты жолдарды өз жанынан қосқан.  
Ал, тұлкінің қарғаны алдаң түсіру максатымен айтқан қошемет  
сөздері Абай аудармасында мұлдем құлпырып кеткен. Мысалдың  
соңы:

Ворона каркнула во все воронье горло:  
Сыр выпал – с ним была плутовка такова, –

деген жолдармен аяқталады. Аудармада осы жолдардың:

Өзіне біткен өңешін  
Аямастан қарқ етті,  
Ірімшік жерге салп етті,  
Ку кетті, іс бітті, –

түрінде берілуі шын шеберлікті танытады. Әсіресе түпнұсқадағы:

Голубушка, как хороша!  
Ну что за шейка, что за глазки!  
Рассказывать, так, право, сказки!  
Какие перышки! какой Носок!  
И, верно, ангельский быть должен голосок! –

деген жолдардың:

«Қарагым, неткен сұлу ең!» –  
Деп таңырқап таңданады.  
«Неткен мойын, неткен көз!  
Осыдан артық дейсің бе,  
Ертеңі қылып айтқан сөз  
Қалайша біткен, япымай,  
Мұрныңыз бер жүніңіз!  
Періштенің үніндей  
Деп ойлаймын үніңіз», –

түрінде дәлме-дәл аударылуы Абайды аударма өнерінің асқан шебері ретінде танытты. Сөйтіп Абай И.А. Крыловтың осы мысалын қазақшалау арқылы поэзиялық дәл аударма жасаудың асқан үлгісін көрсетті.

Аударманың екінші нұсқасы:

Боқтықта талтаңдал,  
Жан-жакқа жалтаңдал,  
Бір қарға жүр еді, –

деген түпнұсқада жоқ жолдармен басталған. Мысалдың басындағы негізгі ойды антартаң шумак мүлдем түсіп қалған. Әр сөздің, сөйлемнің мағынасын сол күйінде аудару мақсат етілмей, негізгі ой мен мазмұн ғана сақталған.

Сонымен Абайдың «боқтықта талтаңдал» жүрген қарғасы «бір жатқан ірімшік» тауып алып, «асықпай жемек болып», «бір ағашқа қонып», жан-жағына масаттана қарайды. Сөйтіп отырғанда, «жем іздейген бір тұлқінің» көзіне «ірімшікті тістеген қарға» түседі. Ал Крыловтың тұлқісі «талтаңдал» журмейді; жақын маңда жүгіріп бара жатқанда аузында ірімшігі бар шырша басында манғазданып отырған қарғаны көріп қалады. Бұл жерде Крылов болған оқиғаны қысқа да нұсқа баяндап жеткізуге күш салса, Абай қазақ оқырманының ұғымына түсініктірек болуын көздел, талтаңдаған, мазатсызданған қарғаның, қай жерден олжа кездесіп қалар екен деп жүгірген, «жем іздейген» тұлқінің бейнесін жасайды. Кең далада, табигаттың аясында өмір сүрген әрбір қазаққа қарға мен тұлқінің адамға ұқсас кейбір мінез-құлықтары етene таныс. Сондықтан да Абай қарға мен тұлқіні халықтың санасында қалыптасқан іс-әрекеті үстінде көрсете білген.

Крыловтың мысалының соңындағы:

Ворона каркнула во все воронье горло:  
Сыр выпал - с ним была плутовка такова, –

деген жолдарын Абай «Қарға мен тұлқінің» бірінші нұсқасында:

Өзіне біткен өңешін  
Аямастан қарқ етті.  
Ірімшік жерге салп етті.  
Іс бітті, қу кетті, –

деп, екі жол өлеңді төрт жолдан тұратын бір шумақпен аударса, осы мысалдың «Боқтықта талтандаپ» деп басталатын екінші нұсқасында:

Мақтауға есіріп,  
Барынша көсіліп,  
Ыргалып қарқ етті,  
Ірімшік жерге салп етті.  
Тап етті, шап еті,  
Ап кетті қу түлкі.  
Антұрған, сол тұрған,  
Жерінде бол күлкі, –

деген сегіз жолдан тұратын екі шумақпен берілген. Екінші нұсқада ақын Абайдың тұпнұсқа ауқымында қалып қоймай, одан шығып көсілінкірегені көрінеді. Орысшасындағы «сыр выпал» тіркесін Абай аударманың екі нұсқасында да «ірімшік жерге салп етті» деп берген. Ал мысалдың сонындағы «с ним была плутовка такова» тіркесі бірінші түрінде «іс бітті, қу кетті» делініп, қысқа қайырылса, ал екінші нұсқасында «тап етті, шап етті, Ап кетті қу түлкі» деген екі жолдан кейін тағы да екі жол «Антұрған, сол тұрған, Жерінде бол күлкі» – деген жолдар қосылған. Екінші нұсқаның сонындағы екі шумақ қарға мен тулкінің бейнесін барынша ашып тұр.

Абай да Крыловтың кез-келген мысалын аудара бермеген. Өзіне қажеттісін ғана таңдал, талғап аударған. Кезінде В.Г. Белинский Крыловтың мысалдарын үш топқа – еліктеу сарынындағы, моральдік бағыттағы, көркемдігі жоғары сатиralық мысалдарға жіктеген екен. Абай орыс мысалшысының шығармаларының ішінен біріншісіне тиіспей, соңғы екі түрінен көбірек аударған. Онда да қазақ тұрмысына, сана-сейміне мазмұны жағынан үндес келетіндерін ғана іріктеген. Ағартушылық бағыттағы Абай да

Ыбырай сияқты тәрбиелік мақсатты көздейтін моральдік бағыттағы мысалдарға көбірек көніл бөлген.

М. Әуезов «Мен өзімнің бала күнімнен білетін ескі қолжазбаларымды еске алғанымда, Абайдың Крыловтан жасаған аудармаларын төрт-бестен артық деп айта алмаймын. Олары:

1. «Есек пен бұлбұл»
2. «Бүркіт пен қарға»
3. «Шегіртке мен құмырска»
4. «Тұлкі мен қарға»
5. «Піл мен қанден», –

деп, бес мысалдың атын атайды (М. Әуезов. Абай Құнанбаев. А., 1967, 20-бет). С. Талжанов «...ұлы ақынымыз Абай: «Емен мен шілік», «Қазага ұшыраған крестьян», «Жарлы бай», «Шегіртке мен құмырска», «Ала қойлар», «Тұлкі мен қарға», «Бақа мен өгіз», «Піл мен қанден», атты мысалдарын өз мүлкіміз етіп тастап кетті» (С. Талжанов. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері». А., 1975, 199-бет), – деп жазады. Соңғы уақыттары зерттеушілер Абайдың И.А. Крыловтан он екі аударма жасағанын айтып жүр. Сонымен олар: «Емен мен шілік», «Қазага ұрынған қара шекпен», «Жарлы бай», «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырска», «Әншілер», «Ала қойлар», «Қарға мен тұлкі», (Жұрт біледі күледі...) «Қарға мен тұлкі» (Боктықта талтандал...), «Бақа мен өгіз», «Піл мен қанден», «Есек».

«Шегіртке мен құмырска» – И.А. Крыловтың «Стрекоза и муравей» мысалының дәл аудармасы. Тұпнұсқасы 30, қазақшасы 36 жол. Абай мәтіндегі «стрекозаны» инелік деп емес, шегіртке (кузничек) деп өзгерктен. Өйткені сирек кездесетін инелікке қарағанда, жаздың күні далада қаптап жүретін шегірткенің тіршілігі кырда өсken қазактың баласына етene таныс. Оның үстінен мысалда айтылатын ой мен мазмұн инеліктен гөрі шегірткенің өмір сүру табигатына дәлірек келеді. Осы тұрғыдан келгенде, Абайдың сирек кездесетін инелікті шегіртке деп алуы ұтымды шыққан.

## Мысалдын:

Попрыгунья Стрекоза  
Лето красное пропела;  
Оглянуться не успела,  
Как зима катит в глаза.  
Помертвело чисто поле;  
Нет уж дней тех светлых боле,  
Как под каждым ей листком  
Был готов и стол и дом.  
Все прошло: с зимой холодной  
Нужда, голод настает,  
Стрекоза уж не поет,  
И кому же в ум пойдет  
На желудок петь голодный!  
Злой тоской удручена,  
К Муравью ползет она: —

деген жолдарын Абай былайша аударады:

Шырылдауық шегіртке  
Ырнып жүріп ән салған,  
Көгалды қуып голайттап,  
Қызықпен жүріп жазды алған.  
Жаздықунгі жапырактың  
Бірінде тамақ, бірінде үй.  
Жапырақ кетті, жаз кетті,  
Күз болған соң кетті күй.  
Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,  
Өкінгеннен не пайда?  
Сұыққа тоңған, қарны ашқан  
Ойын қайда, ән қайда?  
Оныменен тұрмады,  
Қар көрінді, қыс болды.  
Сауықшыл сорлы бүкшиді,  
Тым-ақ қын іс болды.  
Секіру қайда, сурініп,  
Қабагын қайғы жабады.  
Саламда жатып, дән жиган  
Құмырсқаны іздеп табады.

Аудармада 22 жолдық мәтін 20 жолмен берілген. Негізінен тәржіма тұпнұсқаға сай келіп, мазмұнын ашып тұр. Десек те Абай жасаған аздаған өзгерістер, толықтырулар да бар. Мысалы, Абайдың шегірткесіндегі И.А. Крыловтың инелігі «көгалды қуып гөлайттамайды». Ал Абай асықпайды, алдымен жаз, күз келіп, содан соң барып қыс келеді; ал орысшасында бірден қыс түсіп, қыса бастайды.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,  
Оқінгенмен не пайды? –

деп, Абайдың шегірткесі өкінсе, Крыловтың инелігінің өкінгені көрінбейді. Абайдың шегірткесі «бұкшиіп», «қабырғасын қайғы жапқан». Крыловтың инелігінің сыртқы түрі, қабағы көрінбейді; Ол билемейді де, тек ән салатын. Енді қыс түскен соң аш құрсақпен әнін айта алмай қалады.

Абайдың тұпнұсқаны дәлме-дәл берген жерлері:

**Орысшасы:**

Попрыгунья Стрекоза  
Лето красное пропела;  
Қазақшасы:  
Шырылдауық шегіртке  
Ыршып жүріп ән салған.  
Орысшасы:

Как под каждым ей листком  
Был готов и стол и дом.

Қазақшасы:  
Жаздькүнгі жапырактың  
Бірінде тамак, бірінде үй.

Орысшасы:  
Стрекоза уж не поет,  
И кому же в ум пойдет  
На желудок петь голодный!

**Қазақшасы:**

Суыққа тоңған, қарны ашқан  
Ойын қайда, ән қайда?

Осындағы қазақша жолдар тұпнұсқаның түрін, мазмұнын, айтар ойын сол күйінде жеткізіп тұр. Керек десеніз «шырылдауық шегіртке» тіркесі «Попрыгуңя Стрекоза» тіркесіне қарағанда, әлдекайда бейнелі де көркем.

И.А. Крыловтың инелігі құмырсқаға жайымен келіп, жалынса; Абайдың шегірткесі «селкілдеп келіп жығылады, Аяғына бас ұра», Тұпнұсқада инеліктің құмырсқаға айтқаны:

Не оставь меня, кум милый!  
Дай ты мне собраться с силой  
И до веңних только дней  
Прокорми и обогрей! –

деген сөзін Абай екі-ақ жолмен:

Қарағым, жылың, тамақ бер  
Жаз шыққанша асыра! –

деп, әрі қысқа, әрі нұсқа, әрі көркем береді. Тұпнұсқадағы инеліктің:

Кумушка, мне странно это:  
Да работала ль ты в лето? –

дегені аудармада:

Мұның жаным, сөз емес,  
Жаз өтерін білмен ең?  
Жаның үшін еш шаруа  
Ала жаздай қылмап па ең? –

деген бір шумақпен берілген. Мұндағы алғашқы екі жолды аудармашының өзі қосқан. Оның үстіне «Кумушка, мне странно это» деген тіркес қазақшасында көрінбейді. Орысшасындағы осыдан кейінгі инеліктің жауабындағы «көгершінім» (голубчик) сөзі қазақшада жоқ. Мысал тұпнұсқада:

Ты все пела? Это дело:  
Так поди же, поплыши! –

деген жолдармен аяқталады. Абай осыны:

Қайтсін қолы тимепті,  
Өлеңші, әнші есіл ер!  
Ала жаздай ән салсаң,  
Сепкілде де билей бер! –

деп, тіпті құлпыртып жібереді. Орысшасындағы «поляшидің» қазақшасындағы «билей берге» «селкілде» сезінің тіркесіп берілуі айтылар ойды барынша бедерлей түскен.

Абайдың И.А. Крыловтан аударғандарының ішінде қазақ оқырмандарына кеңінен тарап, айтартықтай тәрбиелік қызмет атқарған мысалы осы – «Шегіртке мен құмырска». Мұнда өмірін тек қызықпен өткізгісі келген жалқау, ертеңгі қунін ойлай бермейтін, еңбек етпей, сауық-сайранда қызық өмір сүргісі келетін әуейлер шегірткенің бейнесінде аяусыз сыналады. Осы тұрғыдан келгенде, когам өміріндегі аса бір маңызды мәселе – еңбек етуді көтерген «Шегіртке мен құмырсаның» тәрбиелік мәні зор болды дейміз. Бұл туралы С. Талжанов «...Абай шегіртке мен құмырска мысалын аударғанда, өзінің көшпелі елін отырықшылықка баулуды үретпек болды. Осы мысалдағы «құмырска» бейнесінде поселка болып, қыстай-жаздай еңбек істеп жүрген орыс крестьяндары айтылады да, «шегіртке» көшпелі қазақ халқының кейпінде көрініс береді», – деген пікір айтқан (С.Талжанов. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. А., 1975, 200-бет).

«Стрекоза и муравей» мен «Шегіртке мен құмырсаның» буын сандары негізінен 7-8 буынды болып, бір-біріне сәйкес келеді. Орысшасында өлең шумағы сақталына бермесе, қазақшасында 7-8 буынды жыр үлгісімен жазылудың үстіне шумақ шарттары қатаң сақталған.

Сонымен тәржімашы аударып отырган ақынымен шығармашылық бәсекеге туседі десек, «Шегіртке мен құмырсаны»

аудару барысында Абай да, мазмұны жағынан да «Инелік пен құмырсқадан» бір де бір кем соқпайтын, қазақ оқырманы төл туындысындаи оқып, ұғынатын, керек десеніз, аударма екендігі біліне бермейтін мысалды өмірге әкеліп, биіктен көріне білді. Көркем аударма жүз пайыз түпнұсқаға сай келуі мүмкін емес, бірақ оқырманға берер эстетикалық, тәрбиелік әсері жалпы алғанда бір мыскалға да кем болмауы керек. XIX ғасырдың екінші жарымындағы қазақ оқырманына лайықталып аударылған «Шегіртке мен құмырсқа» бүгінгі күнге дейін өзінің эстетикалық қуатын, тәрбиелік мәнін жоғалтқан жок.

Абай И.А. Крыловтың «Музыкантты» мысалының атауын өзгертип, «Әншілер» деп аударыпты. Бұл жерде аудармашы мысалдың мазмұнына музыканттар дегеннен гөрі әншілер деп аталғаның неғұрлым жақынырақ келеттінін анғарған. Өйткені мысалда музыканттар музыкалық аспапта өнер көрсетпейді; әншілер ән айтады. «Музыканттар» 15 жолдан тұрады да; ал «Әншілер» – 22 жол. Екі жолдық ой түйіні екеуінде де соңында берілген.

«Музыканттардың» қысқаша мазмұны төмендегіше; көрші әнші көршілерін тамаққа шақырады. Әнді сүйестін үй иссінің түпкі ойы көршілерін қонақ қылу емес, олардың әнін тыңдау болатын. Әншілер ән салғанда дауыстары қосылмай, әрқайсысының даусы эр жакка кетіп, үйдегілердің берекесі қашады; құлактары шынылдаپ, бастары ауырады. Шыдай алмаған қонақтың бірі таңданыспен өнештерін жырта шуылдаскан хордың концертін тоқтатуды өтінеді. Сонда отағасы, «рас, бұлардың өлең айтқанда, осындаіы бар, есесіне бұлар ішкілікті аузына алмайды, тәртіпті» дегенді айтЫП, отыра береді. Абайда да негізінен осы мазмұн берілген.

Сосед соседа звал откупшать;  
Но умысел другой тут был:  
Хозяин музыку любил  
И заманил к себе соседа певчих слушать, –

деп басталуын Абай.

Көршіні көрші шақырды.  
Болды да сыйлап, ас бермек.  
Күлыңын іште жасырды;  
Баланың әнін есіттірмек, –

деп, шебер аударма жасай білген. Бұл жерде орыс тіліндегі «молодцы» «балалар» деп алынған. «Запели молодцы: кто в лес, кто по дрова» – деген тіркеске «балалар шулап бақырды» деген сәтті балама берілген.

Мысалдың негізгі ой қорытындысы орысшасында:

А я скажу: по мне уж лучше пей,  
Да дело разумей, –

деп түйінделсе, қазақшасында:

Есі шықпай мұнан да ішкен артық,  
Қысыны жоқ қышқырган не еткен тантық! –

деген жолдармен өрнектелген. Мұнда тұпнұсқаға қарағанда, аудармадағы ой барынша көркем келісім тапқандығы көрініп тұр.

Сонымен Абайдың «Әншілері» де тұпнұсқадан айтар ойы, көркемдігі жағынан болсын, бір де бір мыскал кем емес. Аудармадағы қойылатын талаптарға толық жауап бере алатын, аудармадағы озық туындылардың бірі деп білеміз.

Әдеби шығарма қоғамдық тұрмыстың көркем бейнесі болу керек. Көркем туындыда адам әдеттегі күнделікті тіршілікте назар аударып, мән бере бермейтін өмірдің кейбір түйткіл мәселелері өнердің құдіретімен лупамен қарағандай үлкейтіліп, оқырманның ойлануына ұсынылады. Ойланта алған, ой-санасына, сезіміне әсер етіп, дұрыс бағытқа жетелеген шығарма – нағыз өнер туындысы. Абайдың жұғарыдағы талаптарға жауап берерлік туындысының бірі – И.А. Крыловтан аударған «Бақа мен өгіз» мысалы.

«Бақа мен өгіздің» көлемі орысшасында – 47 жол. Тұпнұсқада тым қысқа да, ал аудармасы екі еседен аса ұзартылған. Мұның басты себебі Абай мысалдың қазақ оқырманына ұғынықты

булын, негізгі идеясының неғұрлым толғырақ жетуін көзде-  
гендіктен деп түсінген жөн. Моральдік мәселеге ерекше мән  
берілгендігін айтылар басты ойдасты мысалдың басында бір,  
аяғында тағы да бір айтылғандығынан да байқауға болады. Ал  
түпнұсқада ұсынылар ой оқиға суретtelіп болып, оның мазмұны  
оқырманың ойлантар тұста:

Пример такой на свете не один  
И диво ли, когда жить хочет мещанин,  
А сопка мелкая, как знатный дворянин, –

деп, сонында берілген. Оқырмандарының арасында жер мен көк-  
тей айырмашылықтар бар екенін ескерген Абай мысалды:

Қарасаң тым-ақ көп  
Кере алмас іші тар.  
Несі артық бізден деп,  
Салыспақ жүргтта бар, –

деп бастап:

Таласпа, жаным-ай,  
Қолыңдан келмеске.  
Боларсың бакадай,  
Көп түссең егеске, –

деген жолдармен аяқтайды. Бұл жерде Абай басты идеяны оқыр-  
манына мысалдың басында бір, аяғында бір ұғындыруды дұрыс  
көрген.

«Бақа мен өгіз» азын-аулақ айырмашылықтарына қарамас-  
тан, аударманың балама түріне жатады. Негізінен мысалдың  
мазмұны мен басты айттар ойы сақталған. Түпнұсқада шабындықта  
жайылып жүрген өгізді көріп қалған құрбақа мен де сондай дәу  
боламын деп, ісініп-кебініп, сонында қарны жарылып өледі.  
Осы бір ғана эпизодты орыс мысалшысы қысқа ғана 13 жолмен  
бейнелейді. Крылов сөзге сараң болса, Абай болған оқиғаны

толықтырып, жандандыра түседі. Тұпнұсқадағы «Лягушка, на лугу увидевши Вола» деген бір ғана жол қазақшасында:

Су ішкелі бір өгіз  
Барып еді бұлакқа,  
Бақалар қорқып, тарбандап,  
Қашып шықты әр жаққа.  
Бақага өгіз таумен тең,  
Үшып кетті зәресі.  
Мақтаншақтық сен көрсөн,  
Бақада екен төресі, –

деп сегіз жолдан тұратын екі шумақпен беріліп, тұрленіп кеткен. Орысшасында бақа шабындықта не қуып жүргені белгісіз, әйтеуір, бір өгізді көрсе, қазақшасында бұлакқа су ішкелі келген өгізді көреміз. Мал бағып өскен қазақтың баласына су ішуге бұлакқа келген өгіздің бейнесі жақындау. Крыловтың қымылсыз, әйтеуір, бір өгізінен Абайдың бұлакқа су ішуге келе жатқан қымыл үстіндегі өгізі ұзағырақ есте қалады. Осы жерде тұпнұсқада жоқ «бұлактың» алынуының өзі де оқиғаны нактылай түскен. Бақалар көбіне көлде болатынына қарамастан, Абайдың бұлакты алуы қазақтың даласында бұлактың көп кездесетінін ескергендейдіктен де болса керек. Аудармадағы:

Бақага өгіз таумен тең,  
Үшып кетті зәресі, –

деген жолдар тұпнұсқада жоқ. Бұл жолдарды аудармашы оқиғаны жандандыру және сол өгізге ұқсаяға тырысудың себептерін аша тұсу мақсатымен қосқан.

Затеяла сама в дородстве с ним сравняться:  
Она завистлива была.  
И ну топорщиться, пыхтеть и надуваться, –

деген үш жол қазақшасында:

Мақтаншақтың сен көрсөн,  
Бақада екен төресі.  
Өз-өзінен бір бақа  
Күшенді де бөртінді.  
Карны үлкейді қампайыш,  
Өгіздей болам деп ісінді, –

турінде, алты жолмен берілген. Өлеңнің жол саны қазақша сында екі есе көп болғанымен де жалпы сөз саны екеуінде де шамалас.

И.А. Крылов:

«Смотри-ка, квакушка, что, буду ль я с него?»  
Подруге говорит. Нет, кумушка, далеко! –  
Гляди же, как теперь раздуюсь я широко.  
Ну, каково?  
Пополнилась ли я? – Почти что ничего. –  
«Ну, как теперь?» – «Все то же...»

Абай:

Қасындағы жолдасқа  
«Қарашы, – деді – сен бізге!  
Киын ба екен үлкею,  
Жеткем жоқ па өгізге?»  
«Ісіндің, кебіндің,  
Сонда да не пайды?  
Түрі жат өгіздің,  
Сен қайда, ол қайда?»  
Күшенді кеп күжініп,  
Келгенінше шамасы,  
Дейді: «Енді бір қарашы!»  
Қарады да «Дәнеге  
Болған жоқ қой, қой!» – деді.  
Қызып алған антүрган  
Айтқан сөзге көнбеді».

Бұл жерде де Крыловтың барынша қысқа, Абайдың оқырманына барынша түсінікті болуы үшін сөзді аямай көсілгені көрініп түр. Орысшадағы «квакушка», «подруга» сөздері қазақ-

шада жоқ, орнына басқашалау мағынадағы «жолдас» сөзі алғынған. Бақаның жанындағымен диалогы екеуінде де бір-бірімен негізінен сәйкес келеді. Тек, қазақшасында болған оқиға аздаған толықтырулармен, қарапайым тілмен түсінікті баяндалған.

Мысалы:

«Қын ба екен үлкею,  
Жеткем жоқ па өгізге?»  
«Ісіндің, кебіндің,  
Сонда да не пайда?  
Түрі жат өгіздің,  
Сен қайда, ол қайда?» –

деген сияқты жолдар оқиғаны жетілдіре түсу мақсатымен ойдан қосылған аудармашылық толықтырулар.

...Пыхтела да пыхтела  
И кончила моя затейница на том,  
Что, не сравнявшись с Волом,  
С натуги лопнула – и околела, –

деген жолдар аудармада төмендегіше өрнек тапқан:

Қызып алған антұрган  
Айтқан сөзге қенбеді.  
Тырқып қағып, тыптырлап,  
Күшенді де бөртінді.  
Іш жарылды сыйтырлап,  
Мақтанам деп өзі өлді.

Мұнда тәржіманың жол саны түпнұсқадан көбірек көрінгенімен де жалпы көлемі бірдей (Орысшасында 19 сез болса, қазақшасы да 19). Аудармадағы:

Қызып алған антұрган...  
Тырқып қағып, тыптырлап,  
...Мақтанам деп өзі өлді, –

деген жолдар түпнұсқада жоқ. Есесіне «Пыхтела да пыхтела» дегенді «кушенді де, бөртінді» деген екі сөзben дәл берген.

Орысшасындағы «Лопнула» деген сөзге де жаң бітіріп, «іш жарылды сыйырлап» деп, қалай жарылғанын бейнелейді. Егер де мысалды тұра сол күйінде, ешқандай өзгертулерсіз, толықтыруларсыз сөзбе-сөз аударса, онда қазакшасының мазмұны сенімсіздеу, айттар ойы бұлышынғылау, ең бастысы көркемдігі солғында шығып, оқырманға түсініксіздеу, берер идеялық, эстетикалық тұщымы әлсіздеу соғып жатқан болар еді.

Абай аудармаларының ішінде «Есек» мысалы жайында екі ұдай пікір бар. Бір зерттеушілер мұны аудармаға жатқызыса, енді біреулер ақынның төл туындысы дейді. Мысалы: Қ. Құттыбаев «Сонымен бірге, Абай өз жанынан «Есек» деген мысал жазған... Абайдың өз жанынан жазған «Есек пен шаруа» («Осел и мужик»), «Есек пен бұлбұл» («Осел и соловей»), тағы басқа есек сияқты ақымақтарға арнап жазған мысалдарымен салыстырғанда, мазмұны жағынан ешбіріне ұқсамайды.» (Қ. Құттыбаев. Крылов және Абай. «Социалистік Қазақстан», 27.IV.1954) – деп жазса, Г.Б. Асаубаева «Қазақ әдебиетіндегі мысал дәстүрі және И.А. Крыловтан аудармалар» (Басенные традиции в казахской литературе и переводы И.А. Крылова» А., 2000) атты диссертациялық жұмысында «Есекті» И.А. Крыловтың «Мешок» мысалының аудармасы деп көрсетеді (67-бет).

И.А. Крыловтың «Қап» («Мешок») мысалының мазмұны төмөндегіше: Кіреберісте, еденде елеусіз бір қап жататын. Үйге кіргендер оған аяғын сүртіп кіретін. Бір күні қожайын ақшаларын осы қапқа салып, оны дүнгіршекке апарып сактайды. Іші ақшаға толы қапқа, келім-кетім жүрттың бәрі қызыға қарайды. Көпшілік назарына, құрметіне бөлениген қаптың көкірегі өсіп, дандайсі бастайды. Анау олай емес, былай болуы керек деген сияқты жүртқа ақыл айтып, берекесін кетіреді. Бір күні қаптағы ақша таусылғанда, қожайын қапты лақтырып жібереді. Содан бері сол қаптан хабар жоқ.

Ал Крыловтың «Осел» мысалының мазмұны мынадай: Бір шаруаның жуас есегі болады. Табуға оңай, жоғалып кетпесін деген мойнына қонырау тағып қояды. Көптің назарына ілінген,

даңғой есек бұған мәз болып көкірегі өсіп кетеді. Мақтан тұтқан қонырауы керісінше, сорға айналады: Бұрын емін-еркін елеусіз жайылатын есекті енді үйдің, егіннің маңына жолап кетсе, қоныраудың даусын естіп, жұрт қуатын болды. Сонында таяқтаудан, аштықтан көтерем болған есектің құр сұлдері қалды.

Абайдың «Есегінде» мал сатып, сауда жасап қайтқан керуен-нің ішінде үстіне алтын артқан бір есек келеді. Алтыны бар есектің манында өншең байлар жүріп, оған қошеметпен қарайды. Оған жемді де көбірек беріп, Сылап-сипайды, кейбіреулері құлағынан сүйіп те алады. Өзгенің бәрін менсінбейді. «Атты теуіп, адамды тістесе де сөгіс жоқ». Жұрттың бәрі есектің амандағын тілейді; «Жаппарқұл мырза» атанады. Бір күні бай есектің үстіндегі алтынды алғанда, бұрынғы қошеметтің бәрі жоғалып, боқ тасуға жегіледі.

Абайдың мысалының мазмұны Крыловтың екі мысалынан да мүлдем өзгеше. Крыловта есек мойнына қонырау таққанға мәз болса, Абайда үстіне алтын артқанға есіреді. Алғашында қонырауына қуанған есек артынша-ақ одан опық жейді. Ал Абайдың есегі үсінде алтыны бар кезде құрмет көреді де, оны алып қойған соң, «боқ тасуға жегіледі». Крылов мысалын жылпостар әдетте қарапайым, белгісіздеу болып келсе, қалай шені өседі – солай адам танымастай өзгеріп кетеді деген оймен аяқтайды. Абайдың «Есегі»:

Қарасанды бойынца,  
Ұзын құлақ қалпың гой.  
Жұрт ергені соңында,  
Үстіндегі алтын гой, –

деген ой тастайды. «Осел» 25 жолдан тұрса, «Мешок» – 56, ал Абайда – 40 жол.

Ал «Мешоктың» оқиғасы мүлдем басқаша. Мұнда есек атымен жоқ. Аяқ астында жатқан жаман қап, іші ақшаға толғанда менменсіп кетеді де ақшасы таусылған соң, далада қалады. «Мешоктың» идеясы:

Велико дело – миллион!  
Однака же, друзья, вы столько не гордитесь!  
Сказать ли правду вам тишком?  
Не дай бог, разоритес:  
И с вами точно так поступят, как с Мешком! –

деген жолдарда жатыр. Яғни, орыс мысалшысы қалтамда бірдене бар деп көкірегін көтеретіндерді сактандырады; бірде олай, бірде бұлай болмай, барлық уақытта да адамдық қалпынды сақта деген ой айтады.

Сонымен Абайдың «Есегін» аударма деуден гөрі, «И.А. Крыловтың эсерімен жазылған Абайдың төл туындысы деген дұрыс. Автордың өзі аударма деп көрсетіп, атын «Оселдин» аудармасы «Есек» деп қойғанымен де, шын мәнінде, мұнда айтылар ойдың үқастығынан басқа аударманың талаптарына сай келетін ештеңе жоқ. Эрине, Абайдың бұл мысалдарына болар еді. Бірақ бұл жолы олай етпеген, И.А. Крылов мысалдарының сарынымен қазақ оқырманын ескере отырып, өздігінен жаңадан «Есек» мысалын жазған деп білеміз.

«Есек пен бұлбұл» – Крыловтың «Осел и соловей» атты мысалының аудармасы. Мұнда надандық пен ақымақтық аяусыз сыналады. Мұрсейіт қолжазбалары бойынша Абайдың негізгі басылымдарының барлығында жарияланып келеді. Тұпнұсқаның мазмұны аудармада дәл берілген. Соған қарамастан, Абайдың мысалында тыңнан қосылған, алынып тасталынған жолдар бар. Крыловта есек бұлбұлды көріп: «Достым, тындаши. Жұрттың бәрі сені керемет әнші деп мақтайды. Мен сенің әнінді тыңдап, сенің шын шебер әнші екендігіне көз жеткізгім келеді» – дейді. Абай есекті бірден бұлбұлға кезіктірмейді. Өздігінен:

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы,  
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы.  
Тентіреп өлкені ерлеп келе жатып,  
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы, –

деген кіріспені қосып, есектің жай-күйінен хабар береді. Содан кейін барып бұлбұлға тіл қатады. Бұлбұлдың ән салғанын Крылов 12 жолда суреттесе, Абай екі шумақпен дәл жеткізе білген. Крыловтың:

Зашелкал, засвистал  
На тысячу ладов, тянул, переливался;  
То нежно он ослабевал  
И томной вдалеке свирелью отдавался,  
То мелкой дробью вдруг по роще рассыпался, –

деген жолдарын Абай:

Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,  
Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып.  
Мың түрлі күйге шальып, толқынгады,  
Маңайда жан біткенді таңырқатып, –

деп жырлайды.

Затихли ветерки, замолкли птичек хоры,  
И прилегли стада  
Чуть-чуть дышла, пастух им любовался  
И только иногда,  
Внимая Соловью, пастушке улыбался, –

аудармада:

Кой жатыр, қойшы тыңдаң тұрды елбіреп,  
Көзіне қып-қызыл бол жас мөлдіреп.  
Жел соқтай, құс шуламай, бәрі жым-жырт,  
Өнге қоңыл жіберіп, тұрды елжіреп, –

деп, дәл де шебер аударылған. Тек тұпнұсқада алдымен желдің тынып, құстың шуылының басылуын айттып, содан кейін барып малдың жатқаны, қойшының елтіп тыңдаң тұрғаны суреттелсе, Абай әнді алдымен адамға тыңдатып, табиғатты соңынан елжіретеді. Сөз суретінің орны ауысқанымен, аударма ұтылмаган.

Бұлбұл әнін тыңдап болған соң, есек оған «әнің жақсы екен, бірақ сен, біздің этештің әнімен таныс емес екендігін өкінішті ақ. Содан біразырақ үрленсең, бұдан да жақсы болар еді» – деген ойларды айтқан алты жолды Абай төрт жолмен береді. Крыловтың мысалы «құдайым бізді де осында сарашылардан сақтасын» деген бір-ақ жол қорытындымен аяқталады.

Абай:

Демеймін жұрт мақтасын,  
Я жақсын, я жақпасын.  
Сүйтсе де мұндай сыныпдан  
Құдайым бізді сақтасын, –

деп, төрт жолмен түйіндейді. Нәтижесінде Крыловтың 29 жолдық мысалы Абай аудармасында 35 жол болып шыққан. Крыловтың мысалы 6,8,9,12,13 буынды болып келсе, Абай 11,12 буынды өлең түрін қолданып, соңғы қорытынды шумакты 7 буынды жыр үлгісімен жазған.

Абайдың «Жарлы байы» – «Бедный богач» атты мысалының еркін аудармасы мысалда мақсатсыз баю, дүниеконыздық психологиясы көркем көрініс тапқан. Бас кейіпкер жаман шал кедей кезінде өмірге ойлы көзбен қарайтын болса, баюдың жолына түскеннен бастап, өзіне де өзгеге де сынни көзқарасын жоғалтып, қомағайланған түседі. Жарлы кезінде егер мен бай болсам, байлықпен алыс-жақынды жарылқар ем дейтін шал енді оған қолы жеткен соң, мұлдем өзгереді. «Кедей бай боламын дейді, бай құдай боламын дейді» дегендегі, байлықтан басы айналған «жарлы бай» адамдық қалпынан айрылып, басқаша күйге түсүі ертеғілік элементтерді қосу арқылы бейнелі беріледі.

Тұпнұсқадағы 74 жолдық өлең қазақшасында 97 жолдан тұратын 24 шумакты кураған. Оқиғаның негізгі мазмұны, айттар ойы бір болғанымен де аудармасында айырмашылықтар бар. Крыловтың мысалы тікелей жарлының байлық туралы ойынан басталса, Абай алдымен, жалғыз шалмен таныстырады:

Жаман үйде жалғыз шап,  
Өзі – кедей, күніренді.  
Өзі көрген байлардың  
Мінезінен жиренді.

Тұпнұсқада монологтан кейін жапырайған лашығында ойла-  
нып жатқан жарлыны көреміз. Монолог орысшасында 11, қазак-  
шасында 23 жол. Мысалдағы «тойып тәтті тамақ ішпей, үйқы  
қанбай, тірнектеп жинаған ақшасының арқасында болған байлық  
қажет пе? – Өлген соң бәрі де қалады», – деген бір шумақта  
айтылған ойларды Абай:

Обал жоқ осы байларға,  
Мал қызығын көрмеген.  
Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,  
Жан қадірін білмеген.  
Салпыл қақты, түн қатты,  
«Мал-мал деді, мал тапты.  
Байыған сайын күтім жоқ,  
Бейілі кетті, ант атты.  
Картайғанша қақақтап,  
Бұл тәнірі атқан талмай ма?  
Иттеніп жүріп елмей ме,  
Өлсе, бәрі қалмай ма? –

деп, үш шумақпен кенейтіп аударған. Тұпнұсқада ақша жинап,  
баю айтылса, қазақшасында мал тауып баю сөз болады. Сауда-  
саттығы әлі дамымаған сол кездегі қазак даласы үшін ақшаның  
құлаққа тосындау болатындығын ескере отырып, «мал табу»  
баламасын өте дәл колданған. Крыловтың мысалын аударып  
отырған Абай есіне қазақ байларының кейбір ұнамсыз қылықтары  
түскенде қыза келіп, «ант атты», «тәнірі атқан» деген сияқты  
ауыр сөздерді де пайдаланады. «Ал, мен бай болсам, адам сияқты  
өмір сүріп, байлығымды игілігіме жаратар едім, өзгелерге де  
көмектесер едім» деп ойланып жатқанында лашығына жын-  
сайтан ба, әлде сиқыршы ма – біреу кіріп келіп, тіл қатады.  
Абай «жәдігөй ме, шайтан ба?» бір адам кіріп келді деген. Ол  
«сенің бай болғың келсе, мына әмиянды ал. Қанша алсан да

ішінен ақша шыға береді. Қажетіңше ал. Бірақ, ақшаны әмиянды өзенге тастаған соң барып жаратуға болатынын ұмытпа» дейді. «Червонец» – «ділда», «алтын», «кошелок» – «дорба», «река» – «дария» деп аударылған. Сонымен ол құндіз-түні әмияннан ақша алумен болады. Тағы да, тағы да... ала береді. Тамақ ішуге де уақытты қимай, құннен-құнгеге аза береді. Осы жағдайды Абай әсірелеп:

Үйіндеі бір нанды  
Бір ай жеді аз-аздан, –

деп суреттейді. Әмиянды өзенге тастамақ болып бірнеше рет келіп, «алтынды судай ағызып тұрғанда мұнан қалай ажыраймын» деп, қайта оралады. Абай оқиғаны нақтыланыра түседі: дорбаны суға тастауға жұз рет барып, тастав алмай кері қайтады: «дорбаны сауып, тыныштықсыз бір ай түгіл, жыл өтті» – дейді. Сонында жарлының шашына ақ түсіп, азып кетеді; алтыннадай саргайып, құр сұлдері қалады. Тұпнұскадағы:

И наконец, Бедняк мой поседел,  
Бедняк мой похудел;  
Как золото его, Бедняк мой пожелтел.  
Уж и пышности он боле не смеяет:  
Он стал и слаб и хил; здоровье и покой-  
Утратил все: но все дрожащею рукой, –

деген жолдарды Абай:

Алтындей жүзі саргайды,  
Қол дірілден, әл кетті.  
Ассыз, сусыз, дерг женіп,  
Өзі де әбден жүдепті, –

деп, қысқа да нұсқа аудармасын жасаған. Крыловта жарлы тоғызынышы миллионды санап жатқанда өз лашығында қайтыс болады да, мысал аяқталады. Абайда да солай. Бірақ аударманың сонына «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» екі жолды өзі қосқан:

Алтын қайда, сөз қайда?!

Кү нәпсіден не пайды?

Нәтижесінде Абайдың И.А. Крыловтан аударған «Жарлы бай» мысалы қазақ оқырмандарының ұғымы мен түсінігіне сай, төл туындысында болып шыққан.

«Қазага ұрынған қара шекпен» – «Крестьянин в беде» мысалының еркін аудармасы. Тақырыбындағы «в беде» қазага ұрынған» деп, өзгеше берілген. Қырық жолдай мысал қазақшасында – 56. Мысалда шаруаның ауласына ұры түсіп, сарайындағы бар жарап дүние-мұлқін алып кетеді. Кеше ғана бай болып, Ұйықтап тұрып бақытсыздыққа ұшыраган шаруа қатты қайғы үстінде ағайын-туыс, жолдас-жора, көрші-қолаң, жегжат-жұрат – бәрін шақырып, көмек, ақыл-кеңес сұрайды. Тамыры Карпыч: «бай екендігінді жұртқа жаймау керек еді» – дейді. Құдасы Клинич: «алдағы уақытта сарайды үйіне жақын салуға тырыс» – деп, ақыл айтады. Консызы Фока «бөленің бәрін сарайдың үйден алыста болғандығынан емес, аулада қабаған ит ұсташа керек еді. Мен саған итімнің бір күшігін берейін» – деп, мырзалық жасайды. Жиналғандар сөзben ақыл-кеңесті үйіп тастайды да іспен біреуі де көмектеспейді. Осы оқиганы Абай қазақ оқырманына түсінікті жеткізу мақсатымен өзінше жырлаған. Тұрмысты шаруаны «бай» деп алған. Тұпнұсқада сарайға бір ғана ұры түссе, аудармада ұрылар лапкені бұзып, талкандаپ, үйін де үтпеп кетеді. Абайдың байы ұрыны таба алмайды. Қарны ашады: «ішеріне шай да жоқ». Бұлар тұпнұсқада кездеспейді Крыловтың кейіпкері көпшіліктен көмек сұрайды. Аудармада ол жылап, мұнын шағады. Орысшасында ақыл-кеңес берген тамырының, құдасының, көршісінің нақтылы аттары аталаңса, қазақшасында да үш адам сөйлейді, аттары белгісіз – «біреу».

И словом, от родни и от друзей любезных  
Советов тысячу недавно полезных,  
Кто сколько мог,  
А делом ни один бедняжке не помог, –

шумағы қазақшасында:

Боз орнына сөз беріп,  
Күдә, тамыр, дос кетті.  
Кол ұстамай, көз көріп,  
Айтқан арыз бос кетті, –

делініп, қысқа да нұсқа аударылған. Крылов мысалын басыңа іс түссе, достарың ақыл-кеңеске жомарт келеді де іс жүзінде көмек көрсетуге келгенде, жақсы досыңың өзі санырау болып қалады деп түйіндейді. Осы ойларды Абай ағайынға іс түссе – қарғыс, көмектің орнына «бишара» мен «байғұс» сөздерін аласың деп қорытқан.

«Қарға мен бүркіт» («Вороненок») «Бүркіт пен қарға» деген атпен де белгілі. Тұпнұсқаның жалпы мазмұны сақталғанмен де азын-аулақ өзгерістер бар. Крылов мысалды «Қарғаның балапаны» деп атаса, Абай оған басқаша ат қояды. Отыз алты жолдық мысал қазақшасында – қырық бір. Крыловтың мысалы бүркіттің аспаннан құйылып келіп, малдың ішінен бір қозыны іліп кетуінен басталса, Абай:

Қой жайылыш жаздықун  
Шыққан еken қияға, –

деп өзгеше кірісіп, содан кейін барып бүркіттің қозыны ілгенін суреттейді. Мұны көріп тұрған қарғаның баласы «мұндағайға тырнақты былғағанша, алғасын мықтысын алу керек; бүркіттер де нашар болады екен; ал мен болсам, патшага ас боларлықтай ең мықтысын ілемін» – деп ойлады. Абай:

Қозыны да тамак деп,  
Кім ап шықсын тастантарға!  
Ең семізін ілейін  
Қызық қылып ашарға, –

деп, жеті жолдық монологты бір шумақпен ғана аударған. Тұпнұсқада қарғаның жемтігін таңдауы жеті жолмен берілсе, аудармада «деді-дағы, аралап, жабысты келіп қошқарға» – деп,

қысқасынан қайырған. Орысшасында қошқардың үлкендігі, жұннің ұйысып қалғандығы айтылыңқыраса, Абай карғаның аянышты халін суреттеңкірейді:

Қалышылдан, дірілден  
Тырнағын салады,  
Қанатын қайқайтып  
Әкетпек болады.

Мысалда қарғаны қойшылар ұстап алады да, ұшпасын деп қанат-құйрығын кесіп, балалардың ойнауына береді. Аудармада осыған қоса балалар айрылып қалмасын деп қарғаның аяғына мықтап жіп байлап қоятындығы да сенімді. И.А. Крылов айттар ойын бір шумақпен:

Нередко у людей то же самое бывает,  
Коль мелкий плут  
Большому плуту подражает;  
Что сходит с рук вором, за то воришек бывает, –

деп, түйінде, Абай қысқа ғана:

Азат басың болсын құл  
Қолдан келмес іске ұмтыл! –

түрінде өзгеше аяқтайды.

Ал «Піл мен қанденнің» аудармасы түпнұсқаға барынша жақын. Мысалы Абайдың:

Көшеде піл жетелеп біреу жүрді,  
Кім көріпті хайуанда мұндай турді.  
Көрсеткелі ап жүрген жануарды  
Тамашалап, артынан жүрг боп ерді, –

дегені И.А. Крыловтың мысал бастауының:

По улицам Слона водили,  
Как видно, напоказ.

Известно, что Слоны в диковинку у нас,  
Так за Слоном толпы зевак ходили, –

дегенниң дәлме-дәл көркем аудармасы екендігіне көз жеткізу  
қын емес. Сол сияқты Крыловтың:

Отколе ни возьмись, навстречу Мосъка им.  
Увидевши Слона, ну на него метаться,  
И лаять, и визжать, и рваться;  
Ну так и лезет в драку с ним, –

бір шумағын Абай:

Көшеде кез бол бір қанден  
Үмтүлды пілге шағылышып.  
Шаңқылдаң жүрді ерленіп,  
Тартынбай ұрысар жан шығып, –

турінде өрнектеген.

«Піл мен қанден» «Слон и Мосъканың» мазмұнын, айтар ойын дәл, шебер жеткізеді. Аздаған айырмашылықтар да кез-сеседі. Сөзбе-сөз аудармасы «Піл мен Мосъка» болу керек болса, иттің аты Мосъка мысалдан мүлдем алынып тасталынып, орнына қанден сөзі алынған. Себебі, орыс атауы Мосъка қазақ оқырмандарына түсініксіздеу болған болар еді. Мысалдың көлемі Крыловта 20 жол болса, Абай 24 жол қылып аударған. Тұпнұскада шумақ жолдары әрқалай болып келсе, қазақшасындағы 6 шумақтың әрқайсысы 4 жолдан тұрады. 5-ші жолдағы «Откуда ни возьмись, навстречу Мосъка им» деген жол «Көшеде кез бол бір қанден» болып аударылып, «отколе ни возьмись» деген сөздер түсіп қалған. Қазақшасында қанденге бір итті кездестіріп, «әлінді білсөңші» дегенді айтқызыса, орысшасында кімнің кездескені, бұл сөздерді кімнің айтып тұрганы белгісіз; тек төл сөз ғана берілген. Орысшасында Мосъкаға айтылған ақыл 5 жолдан тұрса, қазақшасында – 7 жол; Мосъканың жауабы 7 жол болса, қандендікі – 8 жол. «Могу попасть в большие забияки» «Ер атанып көремін»

деп қысқа қайырған. Аударманың соңғы шумағындағы «Жұрт мұнымды көрмей ме?!» деген жол түпнұсқада жоқ. Крыловта қанден иттер туралы айтса, аудармашы «жұрт» сөзін қолданып, мағыналық ауқымын көнегіте түскен. Орысшасында «пілге де үрген Моська қандай құшті» дегенді иттер айтып жүреді деген ойлар айтылған соңғы шумақ:

Пускай же говорят собаки:  
Ай, Моська! знать, она сильна,  
Что лает на Слона!

Абайда:

Жұрт мұнымды көрмей ме?  
Батыр атақ бермей ме?  
Кой, бұл қанден – ер шіркін,  
Пілге де үрген демей ме? –

түрінде аударылған. «Сильна» деген сөздің орнына «батыр», «ер» сөздері қолданылған. Сөйтіп мысалдың қазақ оқырманына түсініктілігі, әсерлілігі арта түскен.

Түпнұсқадағы мысалдың тақырыбын аудармада өзгерту Абайда жиі кездесетіндігі көрінеді. Бұл жоғарыда айтып өткени міздей, баяндалар оқиғаны қазақ өміріне жақындана түсу, ұсынылар идеяны әсерлі де ұғыныкты, жеткізу мақсаттарынан туындалған. Жоғарыда тоқталып өткеніміздей «Музыканты» «Әншілер» болып аударылған. Музыкант қазіргі оқырмандар үшін түсінікті шығар, бірақ Абайдың кезі туралы бұлай айта алmas едік. Ал қазақта екінің бірі – әнші. Тәржіма жасағанда Абай осы жактарын ескерген сияқты.

«Емен мен шілік» – Крыловтың «»Дуб и трость» мысалының аудармасы. Мұнда да тақырыптағы «трость» құрақ деп аударылмай, шілік деп алынған. Мысал Абай аудармаларының ішіндегі ең сәттілерінің қатарында. Көлемін сақтап, мазмұнын, айтар ойын, тіпті кейбір бейнелі сөздеріне дейін дәл аударуда «Емен мен шілік» ерекше көзге түседі. Мысалы:

### Тұпнұсқада:

С тростинкой Дуб однажды в речь вошел:  
«Поистине, роптать ты вправе на природу, –  
Сказал он. – Воробей, и тот тебе тяжел.  
Чуть легкий ветерок, подернет рябью воду...

### Осы шумақтың қазақшасы:

Шілтікпен Емен бір күн сейлесіпті:  
– Аллаға, сорлы, неден жаздың? – деді.  
Торғайға да майысып солқылдайсың,  
Жел бұлк етсе, тебесің эткеншекті.

### Тұпнұсқада:

Ты очень жалостлив-сказала Трость в ответ, –  
Однако не крупись: мне столько худа нет.  
Не за себя я вихрей опасаюсь;  
Хоть я не гнусь, но не ломаюсь:

### Қазақшасында:

– Есіркегіш екенсің, – деді шілік –  
Онша сорлы емесстін, тарпта күйік!  
Сынбаймын майыссам да, солқылдаймын,  
Желден маган келмейді еш кемшілік.

Бұл арада өлең құрылышы диалогқа дейін толық сақталған.  
Әрбір жолдың, тармақтың сонында шумақтың аудармасы дәл берілген. Тіпті, әр сөзіне дейін сөзбе-сөз аударылған.

Мысал негізінен дәлме-дәл аударылғанымен де, кездесстін азын-аулақ өзгертулер де бар. Тұпнұсқада дауыл Солтүстік жақтан келсе, аудармада «Кавказға бір қап-қара бұлт мінді» дейді. Крыловтың мысалы:

Вдруг мчится с северных сторон  
И с градом и с дождем шумящих аквилон.

Дуб держится, – к земле Тростиночка припала:  
Буряет ветер, удвоил силы он,  
Взревел – и вырвал с корнем вон  
Того, кто небесам головой своей касался  
И в области теней пятою упирался, –

деген жолдармен аяқталады. Абай осы жолдарды:

Кавказга бір қап-қара бұлт мінді,  
Есітіп тұрган кісідей тау күніренді.  
Жер дунисен шаш, туман қабат басып,  
Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді.  
Арты бұршақ, арты шаш, жел құтырды,  
Шілік жерге бас үрды, емен тұрды.  
Басы қекке, сыйрағы жерге енсе де,  
Ақырып долданғанда алып үрды, –

деп аударған. Табиғат мінезі бейнеленген бұл өлең жолдары тәржімадан гөрі ұлтымыздың төл туындысына жақын. Яғни, мәтіннің тәржіма екендігі білінбейді десек де болады. Мұнда сөзбе-сөз дәлдіктен гөрі көркемдік жағынан сәйкестік басым. Дауылдың соққаны, сол кездегі емен мен шіліктің қандай күй кешкендігі екі ақынадабарыншакестеленген; Құдды бір-бірінен қалыстай, өнер жарысына түсіп тұргандай. Абай суретtelіп отырған оқиганың көркемдік бояуын қалындана түсу мақсатымен («Кавказга бір қап-қара бұлт мінді, есітіп тұрган кісідей тау күніренді»), Кавказга «бұлт мінгізіп», одан «тауды күнірентіп», дауылды «ақыртып», «долдантып» («Ақырып долданғанда алып үрды») қояды. Мұның өзі кең далада жортып жүріп, еркін өскен табиғаттың қыр-сырын жетік менгерген қазақ баласының сезіміне әсер етпей қоймайды. Демек, аударманың оқырманға берер эстетикалық мәні арта түскен.

Абай мысалдың соңына негізгі идеяны аңғартар екі жол қосқан:

Майысқаннан шіліктің несі кетті,  
Батыр, мақтан сөйлеме сен де оғурлы.

Бұл жерде иілгеннің, майысқанның барлығы жеңіліс емес; өмірде бәрі де болады; кейде жеңу үшін жеңілу де керек деген сияқты терең ойлар еске салынып тұр. Өмір философиясы дегеніміз осы емес пе?!

Абайдың шет тілдерінен орыс тілін ғана жетік білгені белгілі. Қазақтарға бейтаныс бай орыс әдебиетімен жете танысып, оның ішіндегі ұлы ақындардың өлмес шығармаларын жыға айырып, осы бізге қажет-ау дегендерін ғана аудару – Абайдай ұлылардың ғана қолынан келетін іс. Өйткені, ұлылармен ұлылар ғана үндесе алады. Абай орыс тілі арқылы Европа әдебиетінің Байрон, Гете, Шиллер, Мицкевич сияқты ірі өкілдерінің кейбір өлеңдерін де қазақ тілінде сөйледті. Сөйтіп, ұлттық поэзиямызды әлемдік әдебиеттің озық үрдістерімен байта тұсті; қазақ әдебиетін көркемдік дамудың әлемдік данғыл жолына салды.

Абай – қазақ әдебиетіндегі аударма өнерін алғаш қолға алып, тыңнан жол салған ақын. Қазақ әдебиетінде бүгінгі түсінігіміздей тәржімашылық дәстүрдің болмауы себепті де Абайдың аудармаларында шығыстағы нәзирашылдық пен батыс әдебиеттеріндегі дәл аударманың екеуі де көрініс береді.

Сонымен, Абай орыс мысалшысы И.А. Крыловтың мысалдарын қазақшалағанда, мағыналық, құрылымдық және идеялық түрғыдан ауытқымай дәл беріп, кейде еркінрек кетіп, аударма жасаудың небір классикалық ұлгілерін жасады. Аударма өнерінде ақынның екі түрлі принципті ұстанғандығы көрінеді. Оның біріншісі – эстетикалық, көркемдік принцип. Яғни, мысалда суретtelген оқиға, мазмұн, айтар ой қазақ оқырманына сол күйінде түсінікті болған жағдайда барған. Оның «Емен мен шілік», «Піл мен қанден», «Қарғамен тұлкі», («Жұртбіледі, күледі»), «Шегіртке мен құмырска», «Есек пен бұлбұл», т.б сияқты мысалдары азын-аулақ өзгертулеріне қарамастан, осы көркемдік принципті, яғни, түпнұсқаның көркемдік қалпын сақтай отырып, аударылған. Сол сияқты «Теректіңсыйы», «Қарасам, қайғырал жұрт», «Тұтқындағы батыр», «Жолға шықтым бір жым-жырт тунде жалғыз», «Жалау», «Жартас», «Дұға», «Альбомға», «Менің сырым, жігіттер, емес

оңай», «Бородино», «Қанжар», «Қаранды тұнде тау қалғып» т.б. түпнұсқаның көркемдік ерекшеліктерін сол күйінде толық сақтап, дәлме-дәл шебер аударылған классикалық туындыларға жатады. Соңғы өлеңді Абай Лермонтовтан, Лермонтов Гетеден аударған. Қазақ, неміс, орыс тілдерін жетік білестін танымал ғалым Г. Бельгер үш ақынның да (Гете-Лермонтов-Абай) мәтіндерін салыстыра отырып осы өлеңге тамаша талдау жасаған. Өлеңнің үш тілдегі нұсқаларын салыстырган ғалым айттар ойы, көркемдігі жағынан Абайдікі екеуінен де артық болмаса, кем емес, тіпті кей тұстарда жоғарылау тұр деген пікір білдіреді (Г. Бельгер. Гете мен Абай, А., 1989, 93-бет). Ал кей тұстарда қазақ ақыны автормен өнер жарыстырылғандай болады. Ұл ретте түпнұсқаға қарағанда, қазақша аудармасының сәттірек шыққан тұстар да барышылық. Оған дәлел ретінде Г. Бельгер мен Т. Шапай жасаған талдаулардан көптеп мысалдар көлтіруге болады...

Аударма ісінде Абай ұсынған екінші принцип – өнердің адамның құнделікті тіршілігіне қажеттілігінен туындейдьы. Ағартушылық бағыттағы Абай, Крылов мысалдарының ішінен қазақ-қа пайдалысын, даланың тұрмыс салтына орайласатынын оқырманына ұғынықтысын таңдайды. Осы тұрғыдан қазақ пен орыстың өмір сүруі, сана-сезімі, ұлттық ерекшеліктері сияқты көптеген әлеуметтік факторларды ескере отырып, кей тұстарда түпнұсқаны өзгерте жырлауга саналы түрде барады. Мұндағы басты мақсат аударманың қазақ оқырманына түсінікті болып, оған өнердің құдіретімен әсер ету, яғни әдебиетті тәрбие құралы ретінде пайдалану болған. «Есек», «Қазаға ұрынған қара шекпен», «Қарға мен тұлқі» («Боқтықта талтаңдал»), т.б. сияқты мысалдар түпнұсқадан біршама алшақ кеткен. Ұларды аударма деуден гөрі бір тақырыпта екі ақынның жарыса жырлап, нәзирашылдық үлгімен жазылған ақынның төл туындысы дерлік. Сол сияқты Абайдың «Евгений Онегинің» зертеушілер осы күнге дейін А.С.Пушкиннен аударылған деп жүр. Шындығына келсек, мұнда түпнұсқадан тек романның «Евгений Онегин» деген деген тақырыбы мен аты ғана. Романның сюжеті, композициясы, мазмұны казақшасында мулдем өзгеше. Абай романның негізгі

идеясын, рухын алған да соны қазақ оқырманына түсінікті етіп, өзінше жырлап берген. Абайдың «Евгений Онегинің» орыс жазушысынан аударма дегеннен гөрі, бір тақырыпқа жазылған сарында деп бағалау шындыққа жақындау.

Сонымен бірге Абай барлық уақытта да дәл аударып отырғаның өзінде де өз оқырманың ескере отырып, міндettі түрде азын-аулақ өзгерістерге, толықтыруларға барып отырады; еркін кеткеннің өзінде де тұпнұсқаны темірқазық етіп, соның сарынымен жүреді; бірақ көркемдік кестелері өзгеше өрнектеледі. Бұл турасында академик З. Ахметов «Абай Крылов мысалдарын дәл аударып, оның құрылыш-қалпын сактауды мақсат етпеген, сюжетін еркін баяндаپ, көшіре аударма емес, қазақ тілінде төлтума болып шығатын сарында аударма беруді мақсат еткен» (З. Ахметов. Білімдіден шыққан сөз. «Егемен Қазақстан», 22.01.1994), – деген пікір білдіреді. Кей тұстарда Абайдың еркін кететіні соншалық – кей өлеңнің төл туынды немесе аударма екенін дөп басудың өзі қыынға соғады.

Әлемдік әдебиетте мысал жанры Эзоптан бастау алады. И.А. Крылов өз мысалдарының сюжетін көбіне Лафонтенниен, өзіне дейінгі мысалшылардан алып отырған. Бір-бірінен сюжет, ой алмасып отыру, оны әр ұлттың ерекшеліктеріне орай қайта жырлау мысал жанрының тарихында заңдылыққа айналған. Әдебиет – сөз өнері. Ал өнер ұлттық сипатта болады. Ақын басқа әдебиеттен оқиға, ой ауысқанымен де басқа тілге апарып қондыра салуга келмейтін шығарманың көркемдік бояуы бар. Өйткені әдебиеттің көркемдік болмысы белгілі бір ұлттық топырақта ғана өмір сүреді. Әдеби шығарманы сол күйінде сөзбе-сөз, дәлме-дәл екінші тілге аударғанда ол көркемдік бояуын жоғалтып, жай ғана сөз тіркесіне айналады. Аудармашы екінші бір тілден аударма жасағанда, оның оқиға желісін, идеясын пайдаланғанымен де оның көркемдік болмысын түбірінен қайта жасауына тұра келеді. Сол себепті де әдеби аударманы сөз өнерінің ерекше бір саласына жатқызып, оны да ұлттық әдебиеттің ауқымында қарау керек. Осы тұрғыдан келгенде, Абай қазақ әдебиетіндегі мысал жанрын аударма арқылы биікке көтерді деп білеміз.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Қойгелдиев М. Абай тұлғасы мен мұрасының қазақ тарихындағы орны. Бұрын баспасөзде жарияланған. Қазақтың бас ақыны: халықаралық гылыми-теориялық конференция материалдары / құраст. С. Корабай. – Алматы: Дәуір, 2004. – 10-16-беттер.
2. Медетбеков Т. Менің Абайым! Бұрын баспасөзде жарияланған. Сөзстан (Жас қаламгерлер кітапханасы). – Алматы: Жалын, 1986.
3. Жұртбай Т. Қарақек. Бұрын баспасөзде жарияланған. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай: тарихи және әдеби тұлға. – Алматы: Алаш, 2004. – 20-60-беттер.
4. Негимов С. «Қайтып шығар ілімнен...» Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
5. Шеріп А. Абайдың «жазуы мен айтуы»: жаңа ментальдік жолында. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 57-64-беттер.
6. Жеменей И. Абай және әл-Фараби. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3 (15). – 65-75-беттер.
7. Ісімақова А. Абай мұрасы – бүтінгі рухани қажеттілік. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық гылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, – 2007. – 15-28-беттер.
8. Қамзин К. «Семипалатинские областные ведомости» газеті Абай айналасы туралы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
9. Тайшыбай З. Ескендір әңгімесі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Тайшыбай Зарқын. Абайтану арнасында (1889-1916). – Петропавл, 2009. – 182-203-беттер.
10. Айтқазин Т. Абай философиясындағы адам мұраты. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – Алматы: Фылым, 1995. – 155-167-беттер.
11. Ысқақұлы Д. Аудармадағы Абай дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының вебсайты.
12. Қоңыратбаев Т. Абай Құнанбайұлы. Бұрын баспасөзде жарияланған. Әлемдік өнертану. III том. Музыка өнері. Тынысбек Қоңыратбай. 306-310-беттер.
13. Борбасов С. Абай тағылымы // Ақиқат. – 1995. – №1. – 61-64-беттер; Ақиқат. – 1995. – №2. – 61-63-беттер.
14. Шапай Т. Тынныштық метафорасы. Бұрын баспасөз бетінде жарияланған: Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек: Эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1999. – 69-81-беттер.

15. Кемелбаева А. Гете мен Абай // Жұлдыз. – 2011. – №1; Жұлдыз. – 2011. – №2.
16. Ахметбекова А. Йасауи мен Абайдың поэтикалық дәстүрі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 43-49-беттер.
17. Палтере І. Абай шығармаларындағы Алланың көркем есімдерінің кейіріне лексика-семантикалық талдау. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 77-81-беттер.
18. Сейітова А. Абай мен Сағди поэзиясындағы ұқсас ой сарындары. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №4 (16). – 64-69-беттер.
19. Рахимов Қ. Абайдың даналық философия ғылымы деңгейіндегі көрінісі. Бұрын баспасөзде жарияланған. Юбилейный альманах Института развития Казахстана. 150-летию Абая. – Алматы: Институт развития Казахстана, 1995. – 50-62-беттер.
20. Раев Қ. Абай шығармашылығындағы рухани құндылықтардың мәні. Бұрын баспасөзде жарияланған. Абай және қазіргі қазақ әдебиеті: республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2007. – 100-104-беттер.

## МАЗМҰНЫ

Койгелдиев М. <b>Абай тұлғасы мен мұрасының</b> казақ тарихындағы орны .....	3
Медетбеков Т. <b>Менің Абайым!</b> .....	12
Жүртбай Т. <b>Қаракөк</b> .....	26
Негимов С. « <b>Қайғы шығар ілімнен...</b> » .....	68
Шәріп А. <b>Абайдың «жазуы» мен айтуы:</b> жаңа ментальдік жолында .....	76
Жеменей И. <b>Абай және әл-Фараби</b> .....	84
Ісімақова А. <b>Абай мұрасы – бүтінгі</b> рухани қажеттілік .....	91
Қамзин К. « <b>Семипалатинские областные</b> <b>ведомости</b> » газеті Абай айналасы туралы .....	106
Тайшыбай З. <b>Ескендір әңгімесі</b> .....	124
Айтқазин Т. <b>Абай философиясындағы</b> адам туралы .....	145
Ысқақұлы Д. <b>Аудармадагы Абай дәстүрі</b> .....	158
Қоңыратбаев Т. <b>Абай Құнаанбайұлы</b> .....	198
Борбасов С. <b>Абай тағылымы</b> .....	203
Шапай Т. <b>Тыныштық метафорасы</b> .....	219
Кемелбаева А. <b>Гете мен Абай</b> .....	234
Ахметбекова А. <b>Йасауи мен Абайдың</b> поэтикалық дәстүрі .....	251
Палтөре Ы. <b>Абай шығармаларындағы</b> <b>Алланың көркем есімдерінің кейіріне</b> лексика-семантикалық талдау .....	258
Сейтова А. <b>Абай мен Сағди поэзиясындағы</b> ұқсас ой-сауындары .....	270
Рахимов К. <b>Абайдың даниалық философия</b> тылымы деңгейіндегі көрінісі .....	284
Раев К. <b>Абай шығармашылығындағы</b> рухани құндылықтардың мәні .....	298
<b>Түсініктер</b> .....	304

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
VII том  
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдиқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№9141**

Басуға 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 19,2 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №4356.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.